

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына норма жасау қызметін жетілдіру мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қазандағы N 1097 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына норма жасау қызметін жетілдіру мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы "Нормативтік құқықтық актілер туралы"
Қазақстан Республикасының Заңына норма жасау
қызметін жетілдіру мәселелері бойынша
толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

1-бап. "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 2-3, 25-құжат; 2001 ж., N 20, 258-құжат; 2002 ж., N 5, 50-құжат; 2004 ж., N 5, 29-құжат; N 13, 74-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 13), 14) тармақшалармен толықтырылсын:

"13) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі - Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген мәліметтер туралы нормативтік құқықтық актілердің (өзгерістермен және толықтырулармен) мәтіндерінің жиынтығы;

14) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімі - дерекқоры осы актілер туралы ақпараттық-анықтамалық сипаттағы барлық қажетті мәліметтерді қамтитын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік есебінің бірыңғай жүйесі.";

2) 14-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Заң жобасын дайындау жөніндегі жұмыс тобына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері тартылуы мүмкін.";

3) 16-баптың 7) тармақшасы "күнін" деген сөзден кейін "және нөмірін" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 17-баптың 9-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Нормативтік құқықтық актіде пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар жоғары тұрған нормативтік құқықтық актіде немесе бұрын қолданысқа енгізілген бір деңгейдегі нормативтік құқықтық актіде қолданылатын терминдер мен анықтамаларға сәйкес келуге тиіс.";

5) 1 9 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Нормативтік құқықтық актілердегі сілтемелер және келтіру";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бір деңгейдегі нормативтік құқықтық актілерден жекелеген ережелер келтіруге жол берілмейді.";

6) 28-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"6. Нормативтік құқықтық акті мәтінінің мазмұнына нормативтік құқықтық акт мәтіні мазмұнының жартысынан асатын көлемде өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде, оның жаңа редакциясы қабылданады.";

7) 38-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде ", ведомстволық сипаттағы" деген сөздер алып тасталсын;

8) 47-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік есебін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жүзеге асырады. Мемлекеттік есеп өзіне мұндай актілерді орталықтандырылған жинақтауды, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізуді қамтиды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу және оларды пайдалануға беру тәртібін анықтайды.

Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізуге жататын нормативтік құқықтық актілердің көшірмелерін тиісті мемлекеттік органның мөрімен расталған қағаз жеткізгіштерде және электронды жеткізгіштерде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жібереді."

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

